

TURAQTY JOL 7.0 ұлттық әлеуметтік эконоуқаны аясындағы YOUTH ECO CAMP туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН YOUTH ECO CAMP TURAQTY JOL 7.0

1.1. Жалпы ережелер.

TURAQTY JOL - өскелең ұрпақта экологиялық мәдениетті, орнықты ойлауды және қоршаған ортаға жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасы.

Youth Eco Camp TURAQTY JOL 7.0 (бұдан әрі - Youth Eco Camp) бағдарламаның білім беру кезеңі болып табылады және Алматы қаласында жеті күндік офлайн-лагерь форматында өткізіледі.

Youth Eco Camp мақсаты экология және орнықты даму саласындағы бастамаларды әзірлеуге және іске асыруға қабілетті экологиялық көшбасшылардың жаңа буынын даярлау үшін тұрақты білім беру ортасын қалыптастыру болып табылады.

Ұйымдастырушы: Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының Федерациясы

Бас серіктес: ЦентрКредит Банкі

Ресми серіктес: Chevron компаниясы

Қолдаушылар: ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясының, Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің, Алматы қаласы Әкімшілігінің және ЮНЕСКО-ның Алматыдағы аймақтық офисі.

Youth Eco Camp келесі мақсаттарға бағытталған:

- Жастар арасында экологиялық мәдениетті және орнықты дамуды ілгерілету;
- Ағымдағы экологиялық мәселелер және қоршаған орта мен табиғи ресурстарға ұқыпты қарау қажеттілігі туралы халықтың хабардарлығын арттыру;
- Балалар мен жастарда ресурстарды ұтымды және экологиялық пайдалану дағдыларын дамыту;
- Экология саласындағы жастар бастамаларын қолдау арқылы жастардың көшбасшылық және жобалық құзыреттерін дамыту;
- Эко-белсенділер, стартаперлер, суретшілер, медиа-креаторлар және экологиялық күн тәртібіне қызығушылық танытатын өзге де тұлғалар арасында нетворкинг үшін тиімді алаң құру;
- Цифрлық құралдарды (AI қоса алғанда) пайдалану дағдыларын дамыту;

- Қазақстан Республикасының өңірлерінде жас экостартаперлер желісін қалыптастыру.
- Болашақ ESG көшбасшыларын және eco-ambassadors-ды даярлау

1.2. Youth Eco Camp қатысу ережелері.

- Қатысу тек командалық форматта жүзеге асырылады. Команда құрамы **3-тен 4 қатысушыға дейін**. 3 адамнан тұратын команда болған жағдайда рөлдерді біріктіруге рұқсат етіледі.
- Бір қатысушы бір команда құрамында ғана тіркелуі мүмкін.
- Командаға қатысушылар әртүрлі мектептерден, қалалардан және ұйымдардан болуы мүмкін.
- Өтінім бере отырып, қатысушылар осы Ережені сақтауға келісетінін және іріктеуден өткен жағдайда бағдарламаның барлық күндеріне қатысуға қолжетімді болатынын растайды.

2. YOUTH ECO CAMP БАҒДАРЛАМАСЫ

2.1. Жалпы ережелер.

Youth Eco Camp бағдарламасы 7 күнге созылатын иммерсивті білім беру бағдарламасы болып табылады және білім беру дәрістері мен воркшоптарды, жобаларды командалық әзірлеуді, қорытынды тұсаукесерді дайындауды, сондай-ақ жобаларды қазылар алқасының алдында қорғауды қамтиды.

Бағдарламаға қатысу лагерьдің барлық күндері бойы міндетті болып табылады.

Бағдарламаның білім беру моделі былайша құрылады:

- күннің бірінші жартысы – барлық қатысушыларға арналған жалпы білім беру бағдарламасы;
- күннің екінші жартысы – қатысушылардың рөлдеріне сәйкес бағыттар бойынша бейіндік сабақтар;
- кешкі уақыт – жобалар бойынша командалық жұмыс.

2.2. Қатысушылар.

- Қатысушылар онлайн-тіркеу кезінде 14-18 жас аралығындағы 3-4 адамнан тұратын командалар бола алады.
- Қатысуға Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінен қатысушылар шақырылады.

2.3. Командаларды қалыптастыру және қатысушылардың рөлдері.

Әрбір командада келесі функционалдық рөлдер бөлінуі тиіс:

Жоба жетекшісі - жоба тұжырымдамасын әзірлеуге, проблеманы тұжырымдауға, мақсаттар мен міндеттерді қоюға, сондай-ақ команда жұмысын үйлестіруге жауап береді;

- **Цифрлық шешімдер жөніндегі маман (Digital)** - цифрлық өнімдерді (қосымша, сайт және т.б.) әзірледі, сондай-ақ цифрлық және AI-құралдарды пайдалануды қоса алғанда, жобаның технологиялық құрамдас бөлігіне жауап береді;
- **Коммуникация жөніндегі маман** - жобаны ілгерілетуге, нысаналы аудиторияны айқындауға, коммуникациялық стратегияны әзірлеуге және медиамен жұмыс істеуге жауап береді;
- **Дизайн және визуализация жөніндегі маман** - презентацияларды, креативті материалдарды, пайдаланушы интерфейсін (бар болса) және жобаны жалпы визуалды қабылдауды қоса алғанда, жобаның визуалды ресімделуіне жауап береді.

Әрбір қатысушы өтінім беру кезінде өз рөлін көрсетеді және Youth Eco Camp бағдарламасы аясында таңдалған бағыт шеңберінде бейіндік оқытудан өтеді.

2.3.1, Қатысу шарттары.

- Бағдарламаға қатысу тегін.
- Қатысу үшін командалық экожобаны/стартапты ұсыну қажет.
- Жобаның қызметі Қазақстан аумағында жүзеге асырылуы тиіс.
- Жобалар идея немесе ерте әзірлеу сатысында болуы тиіс.
- Жобалар басқа ауқымды жобаның бөлігі болып табылмауы немесе бұрын ірі қаржыландыруды алмауы тиіс.
- Бағдарламаға қатысу үшін онлайн-тіркеуден өту қажет:
- Қатысушының келісім нысанына, сондай-ақ заңды өкілдің (кәмелетке толмаған қатысушылар үшін) бағдарламаға қатысуға келісім нысанына қол қою қатысудың міндетті шарты болып табылады.
- Конкурсқа қатыса отырып, қатысушы осы Ережеде, сондай-ақ Youth Eco Camp финалын ұйымдастыру кезінде жобаның финалистері үшін ішкі келісімде жазылған жобаның барлық ішкі ережелері мен шарттарын сақтау міндеттемесін растайды.
- Қатысушылар ұсынған барлық жеке және/немесе басқа да ақпарат шынайы, дәл болуы және қандай да бір жолмен жаңылысуға әкелмеуі тиіс. Ұйымдастырушы үміткерлерге конкурсқа қатысу үшін нақты емес немесе жалған ақпарат бергені үшін үміткерді жалпы іріктеуден шығаруға құқылы;
- Конкурсқа қатыса отырып, қатысушы дербес деректерді орналастыруға, сондай-ақ фестиваль ұйымдастырушылары мен серіктестерінің қатысуымен іс-шара кезінде жасалған бейне және фотобейнелерді пайдалануға, оның ішінде БАҚ-та орналастыруға келісімін растайды;

- Құрамында плагиат бар жұмыстар (авторлығы көрсетілмей бөтен материалдардың толық немесе ішінара алынуы) конкурсқа қатысуға жіберілмейді. Конкурстың кез келген кезеңінде плагиат фактісі анықталған жағдайда, қатысушы/және қайта қатысу құқығынсыз дереу дисквалификациялануға жатады. Ұйымдастырушылар ұсынылған материалдардың түпнұсқалылығын тексеру және авторлықты растауды сұрату құқығын өзіне қалдырады.

2.3.2. Қатысушылардың міндетті түрде қатысуы

Youth Eco Camp командасының барлық қатысушыларының қатысуы, соның ішінде білім беру сессиялары, тәлімгерлермен жұмыс және жобаларды қорғау міндетті болып табылады. Онлайн қатысу қарастырылмаған.

Егер бір қатысушы келе алмаса, оны **Youth Eco Camp Ұйымдастыру комитетімен келіскеннен кейін** басқа қатысушымен ауыстыруға болады.

2.4. Бағдарламаның кезеңдері.

- I кезең (2026 жылғы 28 наурыз - 28 мамыр): Өтінімдерді қабылдау және онлайн-тіркеу.
- II кезең (2026 ж. 17 маусым): Іріктелген командаларды жариялау. Байқаудың финалист командалары [TURAQTY JOL](#), [Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының Федерациясы](#) және басқа да ұйымдастырушылардың әлеуметтік желілерінде жарияланады, сондай-ақ тіркеу кезінде ұсынылған байланыс деректері бойынша хабардар етіледі.
- III кезең (26 шілде - 1 тамыз 2026 ж.): Финалға қатысу, жобаларды қорғау және Алматы қаласындағы Youth Eco Camp жеңімпаздарын марапаттау;

Финалға қатысу және жобаларды қорғау конкурстың финалист командалары үшін ғана көзделген.

2.5. 1-кезең: Қатысуға тіркелу.

- Өтінімдерді тапсыру тілі: қазақ және орыс тілдері.
- Өтінімдерді қабылдау және тіркеу кезеңі: 2026 жылы 28 наурыз – 28 мамыр.
- **Онлайн тіркелу формасы келесі сілтеме арқылы қолжетімді:**
<https://forms.gle/8pGVs6sR8NAheBje8>
- Тіркелу барысында қатысушылар жоба презентациясын жүктеп, мотивациялық-презентациялық бейнероликке сілтеме ұсынуы, сондай-ақ ұсынушы ұйымнан берілген ұсыным хатты тіркеуі қажет.

2.5.1. Жоба презентациясының мазмұнына қойылатын талаптар:

- жобаның атауы;
- мәселенің сипаттамасы;
- мақсат пен міндеттер;
- ұсынылатын шешім;
- Деректерді растау мәселесінің негіздемесі (статистика, зерттеулер, БАҚ);
- мақсатты аудитория;
- команда сипаттамасы және рөлдерді бөлу;
- жобаны іске асыру әдістері және бизнес-жоспар;
- күтілетін экологиялық және әлеуметтік нәтиже;

2.5.2. Техникалық талаптар:

- Презентация 12 слайдқа дейін болуы және көлемі 10 МБ-тан аспауы тиіс;
- Презентация тек .ppt немесе .pptx форматында жүктелуі керек;
- Бейненің ұзақтығы 1.30 – 2 минутқа дейін, формат еркін; бейне команда туралы ақпаратты ашып, жобаның мәнін көрсетуі тиіс: қатысушылар өзін таныстырып, жобаның идеясын қысқаша сипаттап, таңдалған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығын түсіндіруі қажет;
- Бейне Google Drive сілтемесі түрінде жүктелуі тиіс;
- Файл атауы: жоба атауы + капитанның аты-жөні;
- Презентация мен бейне әдепсіз контентті қамтымауы, авторлық құқықты немесе этика нормаларын бұзбауы тиіс.

2.6. Командаларды іріктеу критерийлері:

- жобаның әлеуметтік және экологиялық маңыздылығы;
- мәселе мен шешімнің негізделуі;
- жобаның даму әлеуеті;
- командалық теңгерімділік және рөлдердің бөлінуі;
- тұпнұсқаулығы мен плагиаттың болмауы;
- команданың мотивация деңгейі;
- жобаның тұрақтылығы;
- тапсырманың креативті түрдегі ұсынулуы .

Бағалауды сарапшылар, ұйымдастырушылар және жоба серіктестері жүргізеді.

2.7. Марапаттау.

- Youth Eco Camp бағдарламасына 60 қатысушыға дейін іріктеледі. (15-20 команда).
- Youth Eco Camp жеңімпаздары 3 үздік экожоба/стартап болады.
- Әр қатысушы қатысу сертификатын алады, ал финалистер дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталады.

Youth Eco Camp жүлде қоры 5 000 000 теңгені құрайды және келесідей бөлінеді:

- **I орын алған байқау жеңімпаздары командадағы әрбір қатысушыға 500 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық, сондай-ақ жобаны ұсынған**

номинациялаушы ұйымға 500 000 теңге алады. I орын бойынша жалпы сыйақы сомасы 2 500 000 теңгені құрайды.

- II орын алған командалар командадағы әрбір қатысушыға 300 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық, сондай-ақ номинациялаушы ұйымға 300 000 теңге алады. Жалпы сыйақы сомасы 1 500 000 теңгені құрайды.
- III орын алған командалар командадағы әрбір қатысушыға 200 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық, сондай-ақ номинациялаушы ұйымға 200 000 теңге алады. Жалпы сыйақы сомасы 1 000 000 теңгені құрайды.

3. БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ ФИНАЛИСТЕРДІ ЖЕТЕКТЕУ.

3.1. Финалистер және қажет болған жағдайда олардың жетектеушілері Алматы қаласына келген сәттен бастап барлық шығындарды ұйымдастырушылар өтейді, оған қала ішіндегі трансфер, тамақтану, тұру, білім беру, тәлімгерлік және мәдени бағдарламалар, сақтандыру және басқа да ілеспе шығындар кіреді. **Ал Алматы қаласына дейінгі және кері жол шығындарын қатысушылар өздері немесе жіберуші тарап есебінен өтейді.**

3.2. Алматы қаласынан тыс аймақтардан немесе басқа қалалардан келген 14–16 жас аралығындағы финалистер делегациясын тек Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының Федерациясының өңірлік өкілдіктерінің хатшылары немесе облыстық ЮНЕСКО Клубтарының өкілдері ғана жетектей алады.

Ұйымдастырушылар

Youth Eco Camp ұйымдастыру комитеті жобаны толық ұйымдастырушылық-техникалық, әдістемелік және ақпараттық жетектеуді жүзеге асырады.

Ұйымдастырушылар осы ережеде көрсетілген Youth Eco Camp өткізу шарттары мен мерзімдеріне өзгерістер енгізу құқығына ие. Ереже және оған енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар <https://unescoclubs.kz/> сайтында редакция күні көрсетіліп жарияланады.

Youth Eco Camp өткізу барысы мен қорытындылары туралы ақпарат <https://unescoclubs.kz/> сайтында, бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа да ақпараттық ресурстарда жарияланады.

Ұйымдастыру комитетінің байланыс деректері:

тел.: +7 700 394 32 32, +7 700 394 32 34

e-mail: turaqtyjol@gmail.com

Жобаның Instagram-дағы ресми парақшасы: [@turaqty_jol](https://www.instagram.com/@turaqty_jol)